



## Қазақстан жұртшылығының, оның ішінде тәуелсіз бақылаушылар мен үкіметтік емес ұйымдардың мәлімдемесі

Біз, Қазақстанның тәуелсіз байқаушылары мен үкіметтік емес ұйымдары, жаңа үлгідегі мемлекет, «екінші республика» құру бағытының аясында тәуелсіз бақылауды шектеуге бағытталған сайлау заңнамасына өзгерістер енгізу туралы заң шығару бастамаларына қарсымыз.

Сайлау процесі демократиялық мемлекеттің негізгі элементтерінің бірі. Сайлауды ашық және тәуелсіз бақылау жалпы процестің заңдылығы мен ашықтығының мониторингісі тұрғысында әлеумет үшін пайдалы әрі маңызды.

Алайда іс жүзінде біз сайлауды байқау мәселесімен ашық жұмыс істейтін қазіргі биліктен тәуелсіз қоғамдық ұйымдардың құқықтық мәртебесі бойынша жағдайдың одан әрі нашарлау үрдісін байқап отырмыз.

Атап айтқанда, <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14147928> сілтемесі бойынша НҚА-ның ашық порталында «Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы жолдауын іске асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір Конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жарияланған.

Ұсынылған заң жобасы, атап айтқанда, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізуді көздейді.

Сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін реттейтін қолданыстағы заңнамаға енгізілетін негізгі толықтырулардың бірі – Орталық сайлау комиссиясының және тиісті аумақтық сайлау комиссияларының өкілеттіктерін кезекті түрде, бұл жолы заңнамалық түрде бекітілетін күйде, елдегі сайлау үдерістерін бақылау саласында жұмыс істейтін қазақстандық үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне шектеу қою бағытында кеңейту.

Мысалы, заң жобасында Орталық сайлау комиссиясына мынадай өкілеттіктер берілген:

- жарғылық қызметіне сайлауда бақылауды жүзеге асыру кіретін қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу тәртібін әзірлеу және бекіту.

- жарғылық қызметіне сайлауда бақылауды жүзеге асыру кіретін республикалық қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асыру.

Заң жобасында аталған аккредиттеу үшін қажетті құжаттар тізбесі оның соңғы бір жыл ішінде халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктердің, шетелдік мемлекеттік органдардың, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар тарапынан қаржыландыруы туралы мәліметтерді қамтитын болады.

Заң шығарушы аккредиттеу бойынша өтініш беру банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпия мәліметтерді (!) жария етуге келісім беруді білдіретінін ерекше атап өтеді.

Заң жобасында халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктердің, шетелдік мемлекеттік органдардың, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалардың соңғы бір жыл ішінде қаржыландыруы ұйымды аккредиттеуден бас тартуға негіз бола алатындығы нақты көрсетілген.

Заң жобасында кемсітушілік норма бар екендігіне және оның тек қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың құқықтарын ғана шектеп, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары және бақылау процесіне тікелей немесе жанама қатысатын басқа да субъектілерге қолданылмайтынына ерекше назар аударыңыз.

Өз тарапымыздан біз Орталық сайлау комиссиясының, сондай-ақ тиісті аумақтық сайлау комиссияларының аккредиттеу процесі ашық және атқарушы биліктен тәуелсіз болатындығына сенуге бейім емес екенімізді атап өтуге мәжбүрміз.

Біз бұл заң жобасы елдегі «тәуелсіз» бақылауға іс жүзінде тыйым салуға бағытталған жүйелі әрекеттердің ең жоғары заңды түрде негізделген нүктесі деп санаймыз.

Осыған байланысты, қазақстандық қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың елдегі сайлау үдерістерін бақылау бойынша конституциялық құқықтарын ерікті түрде шектеу бағытында ұсынылып отырған заң жобасы келесі мән-жайларға байланысты толғымен жойылуы және/немесе айтарлықтай қайта қаралуы тиіс:

– Заң жобасында қаржыландыруды алу мақсатына қарамастан, кез келген халықаралық қаржыландыруды алу негізінде қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды **аккредиттеуден бас тарту қарастырылған.**

- Халықаралық қаржыландыру туралы ақпаратты мұндай қаржыландыруды алу мақсатына қарамастан ұсыну туралы талап артық және қоғамдық бірлестік немесе коммерциялық емес ұйымның дауыс беру күні өз байқаушыларын сайлау учаскелеріне жіберу мүмкіндігіне әсер ете алмау керек.

- Орталық сайлау комиссиясына банктік құпияны жария ету туралы талап банк құпиясын үшінші тұлғаларға жария ету бөлігінде Қазақстанның банктер және банк қызметі туралы тиісті заңнамасына қайшы келеді.

– Заң жобасы сайлау процестеріне бақылау жүргізуге мүмкіндік беру үшін қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық қызметіне белгілі бір өзгерістер енгізу қажеттілігін көздейді, ал бұл ашықтық және елдегі сайлау өткізу және сайлауды ұйымдастыру процесінде барынша инклюзияға қол жеткізу қағидатына қайшы келеді.

– Заң жобасында халықаралық қаржыландыруды алған, алатын немесе алуға ниетті қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарға қатысты кемсітушілік нормалар бар. Әсіресе, бұдан бөлек Қазақстан аумағында шетелден қаржыландыруды алудың заңды әрі салық және басқа да тиісті заңнамаларға толық сәйкес келетіні де ескерілуі керек .

Осылайша, заң жобасы көптеген жылдар бойы елдегі сайлау циклдері кезінде тәуелсіз бақылаушыларды дайындап келе жатқан қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарға қатысты қосымша кедергілер туғызып, оларды кемсітеді.

Қорытындылай келе, заң жобасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабының 2-тармағын және «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабын бұза отырып, олардың және сол ұйым бақылаушыларының сайлау циклдерінде қатысуын шектеу мақсатында қоғамдық бірлестіктердің ісіне заңсыз араласуға жол берді деп есептейміз.

Сондай-ақ, сайлауда бақылау саласында жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдар үшін кемсітушілік кедергілерді белгілейтін нормаларды енгізетін заң жобаларын дайындау және жариялау алдында заң жобасында Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия (Венеция комиссиясы) және ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы

негізінде кемсітушілік жағдайларды болдырмау сәйкестігіне сараптамалық қорытынды алу қажет деп санаймыз.

Осылайша, біз, сайлауда тәуелсіз бақылаумен айналысатын қоғамдық бірлестіктер:

1. Заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілгенге дейін оның Конституцияға, тиісті ұлттық заңнамаға, сондай-ақ мемлекеттік істерді басқару құқығын жүзеге асыру саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтіндігі бойынша мұқият зерделеуді және бұған байланысты кең көлемді әлеуметтік талқылауды.
2. Заң жобасынан қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу тәртібіне қатысты нормалардың алынып тасталуын.
3. Заң жобасының халықаралық стандарттарға сәйкестігіне сараптама жүргізу үшін оның Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияға (Венеция комиссиясы) және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ға жіберілуін талап етеміз.